



Музыка – терапия. Жан сарайын тыныштыққа бөлеп, терең тыныстауға сен болатын құдірет. Шартараптың да сырлы сазбен, үйлесімді үнімен тілдестіріңіз шын. Себебі, бұл мәдениеттің ажырамас бөлшегі. Қазіргі таңда қабілетімен қасиетті өнердің байыбына барып, сахнаның киесін ұғынған жас көп. Осы тұста рухани кемелдіктен сая тауып, тыңдарман қошеметін құрмет тұтатын Берік Батырханмен музыка жайында әңгіме өрбіттік.

«BN TEAM»: ТЫҢДАРМАН ТАҢДАУЫНДААҒЫ ОРКЕСТР

тар түнік бар еді. Бірақ, талапты өрісін жастар бұған бейімделе түсті. Олардың ерік-жігері оркестрді өрге сүйрейтін анық.

Күйді симфонияға айналдыру үрдісі жүйелі қалыптасқан ба? Көсіби маман ретінде музыка саласында сізді не алаңдатады?

– Жалпы классикалық музыканың өзіндік жанры болады. Мәселен, симфониялық поэма, симфония және опера деп жіктеледі. Симфониялық күйді композитор Еркеғали Рахмадиев қалыптастырған. Яғни, бұл симфония мен күйді сипаттаудан тұрады. Осы бағыт бойынша қазақ композиторлары қаржыды еңбек етуде. Әлбетте «өт» дегеннен ойлағанның бірден іске асуы қиын. Сондықтан жарқын жолды жалғастырып, ішкі дүмиңді пілмді іс атқара алсаң, өнер жолында бекем жүрмегеніңіз.

8 жыл Астана қаласы өмірдіңнің Мемлекеттік академиялық филармониясының симфониялық оркестрінің кереметі жетекшісі болдым. Сол кезеңде қазақтың сырлы сазгерлерінің бірсырыша туындысын орындадық. Алдағы уақытта да симфониялық күй жанрын репертуарға енгізіп, халқымыз үшін өмір сүретін болмын.

– Өзіңіз жетекшілік ететін «BN Team» симфониялық оркестрі көпті тәтті етуде. Тағы қандай әлемдік сахнада өнер көрсету ойда бар?

– Бұл жобаның Қазақстан нарығына шұжығына 1 жылдан аса уақыт болды. Талантты музыкант Ернар Нұртазинмен аяқтасуда отыр, осы жобаның қолға алдық «BN Team» атауы серкімесі екеуміздің тегімізді құраған. Билет сатылымға шыққан бойда тез өтті. Ақшаға. Сондықтан тыңдарманның ыстық ықыласы мен риясыз көңілі мен сенімі бізді шабыттандырады. Қошеметке лайық болғанымыз, өрне, қуаныш. Бишкек, Ташкент, Бакуде өткен концерт те сәтті өтті. Енді Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан мемлекетінде де өнер көрсетудеміз. Бұл еңбегіміздің ақталғаны деп білемін.

Жалпы оркестр құрамында 100-те жуық адам бар. Кейде өзге қалада өтетін концертке 50-60 адамды жинақтаймыз. Сол себепті бағдарлама бойынша құрам іріктеліп отырады. Барлығы жақсы музыканттар, өз ісіне мығым солист пен ұйымдастырушы топ та бар. Яғни, жекеменшік жоба болғандықтан ұйымдастыру, оркестрдің шығуы, аспаптардың әрекетісі барлығын өзіміз шешеміз. Миссиямыз – қазақ музыкасын дамытуға үлес қосу.

– Ізденіс ізін жалғап, Еуропада біліміңізді жетілдіріңіз. Шағармашылықта қандай жағымды жаңалық, жаңа бағыт болуы мүмкін?

– Жаңына Еуропаның ең ежелгі оқу орындарының бірі «Jagellonian University» білім ордасын тәмамдап, диплома алдым. «Мәдени мұралар ұйымы» мен бизнес арасындағы ынтымақтастық» тақырыбы бойынша диссертацияны сәтті жорғадым. Бір жылғы оқу мерзімінде ағылшынды жетілдіріп, поляк тілін үйрендім. Түркі концертке қонақ ретінде шақырытып алып, шеберліміңді шірдедім. Діттеген мақат – мұрама жауу үшін аянып қалмаймын. Жинаған тәжірибем бойынша елге иіп бастама бастап, шығармашылыққа тын серпіліс әкелуге ниеттімін. Өнер жолында үзбей іздену керек.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

МЕКТЕП ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЖӘРМӨНКЕСІ ӨТЕДІ



Тамыз айы басталғаннан-ақ кезекті оқу жылына баласын қамдайтын ата-аналар маза кетеді. Соңғы бір ай киім-кешек, мектепке қажетті құралдарды реттеуге арналған. Осыған орай Қызылорда қаласында 5-30 тамыз аралығында мектеп формасына арналған ауқымды жәрмеңке өтпек. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылатын шараны көпшілік асыға күтуде.

Жәрмеңке жергілікті «Ас-Ка» ЖШС, «Ақжүрек мүгедектер қоғамы» ҚБ, «Айша-Бибі» тігін шеңі және тағы да басқа кәсіпкерлер өнімін облыс тұрғындарына ұсына бекініп отыр. Шарада форма нарық бағасынан төмен әрі жоғары сапада сатылымға шығады. Сондай-ақ, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыға арнайы жеңілдік қарастырылған.

Жәрмеңкені ұйымдастырудағы басты мақсат – ата-аналардың алысқа бармай-ақ балаларына қажетті мектеп құралын бір жерден алуын қамтамасыз ету және тұрғындарға қажетті заттарды төмен бағада ұсыну. Қалада ұйымдастырылатын жәрмеңке Қорқыт ата кешесі №65 – «Small» сауда орталығының алаңында өтеді. Жәрмеңке серелеріне қойылатын барлық тауарлар төмен бағада және жоғары сапада сатылымға шығады. Осы орайда барша облыс тұрғындары жәрмеңкеге белсене қатысуға шақырамыз! – деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Азамат Қаспаев.

Ал үш жылдан бері мектеп киімін тігуді қолға алған «Ас-Ка» ЖШС шеңі 8 мың өнімді жәрмеңкеге ұсынуды жоспарлап отыр.

– Цех 2007 жылдан бері тігінмен айналысып келеді. Бірақ, 2014 жылдан бастап өндіріс саласына бет бұрып, арнайы киімдерді тігуге талпыныс қабылдадық. Қазіргі таңда мектеп формаларына да тұрғындар тарапынан сұраныс жоғары. Осыған орай қаланы ғана емес, барлық ауданды өзіміз аралап, қолжетімді бағадан өнімдерімізді жұртшылыққа ұсынуды жөн көрдік. Аудандарда әкше 16-21 тамыз аралығында жалғасқан, – деді «Ас-Ка» ЖШС директоры Дина Махатова.

Бұған қоса биыл аз қамтылған отбасыдағы 400 мыңнан астам бала материалдық көмекпен қамтылады. Ата-аналар мемлекеттен берілетін ақшаға мектеп формасы мен оқуға қажетті құрал-жабдықтарды өздері таңдап сатып ала алады. Оқу-ағарту министрлігінің апаратына, Билберілетін қаражаттың ең төменгі мөлшері – 40 567 теңге. Ал ақша ата-аналардың шотына аударылады.

«Қаражат ата-аналарға балаларымен бірге мектеп формасын, аяқ киімді, мектеп тауарларын өздері таңдап алу үшін беріледі. Қабылданған өзгерістер ата-аналар мен балаларға жеткізушілерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді», – деді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдыр Батырхан.

Мұқтаж отбасыларға материалдық көмек көрсету және балаларды 100 процент қамтамасыз ету үшін жалпы бірдей міндетті орта білім беру қоры жұмыс істейді. Еске салсақ, Батыр мектеп жылытығын сатып алу сомасы 17 мың теңгеден басталған болатын.

А.СНАДИН

– «Дирижердің бар міндеті – әрдайым дұрыс тәтті көрсете білуі» деген Рихард Вагнер. Демек, мұлт кету ырықтың ыңғайын бузды. Сіздің ше, бұл мамандықтың машақаты қандай?

– Дирижер – қызық өрі түсінісіз мамандық. Себебі, келтің сеніңде қорда таңшылық оңды-соңды сілтейді. Мұның маңызы қандай? деген сауал туындауы мүмкін. Егер оркестрді тұтас ағза десек, оның жұмысын жүйелеп, иірірмен біріктіру тікелей дирижерге байланысты. Сондықтан маман иелері ортада құр бекер әкі тер, көк тер болмайды. Дирижер болу терең білімді меңгерген, дипломатиялық қатынасты игерген, коммуникацияға келгенде күмілмейтін қабілетті қажет етеді. Келіссөз жүргізуде кейін тартпаса үшін ұйымдастырушылық дегені де жоғары болуы тиіс. Бұрын дирижер тек жасы үлкенге сай мамандық деген

Күнкөрістен өрі аспайтын табысқа артық білім қажет емес шығар, десе де ауқымды бизнеске білім-білік, жүйелі ізденіс керек-ақ. Соңғы уақытта кәсіп қаралайым есеппен шектелмейтін түсінік қызылордалықтар шетел асып, саладағы ұтымды әдісті игеруге құмар. Соның бірі – «Абай Дәулет» ЖШС директорының орынбасары Жасулан Тұрлыбеков. Жуырда кәсіпкер Жапонияға барып, күрші өсірудің қыр-сырын меңгерді.

Қызылордалық кәсіпкер мұндай мүмкіндікке JICA халықаралық әріптестік агенттігі арқылы қол жеткізген. Бұған дейін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына халықаралық агенттік арналы хат жолдап, екіжақты жұмыс істеуге ниетті екенін жеткізіпті. Хатта жапондық бизнес өкілдерімен іскерлік байланыс орнату үшін қазақстандық кәсіпкерлерге арналған тегін оқу бағдарламасын ұйымдастыру жөнінде ұсыныс айтылған. Нәтижесінде бір топ қазақстандық кәсіпкер Жапонияға аттанды.

«Қазақстаннан оқуға 7 азамат бардық. Оның үшеуі біздің өңірден. Тек шет елге барып-қалу, яғни ұшақтың шығынын ғана өтеді. Қалған оқу, жатып-қалу, барлығын Жапониядағы ұйымдастырушы компания өздері қамтамасыз етті. Бір айға созылған шарада өзінше сөйлеуді күрші өсіру және өңдеумен айналысатын компаниялардың жұмысымен таныстық. Технологияның мүмкіндігімен өнімділікті арттыру әдістерін көрдік. Өте жақсы тәжірибе болды», – дейді Жасулан Тұрлыбеков.



ЖАПОННАН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

Қақпараттық технология дамыған заманда бұқара интернетке қарық болмай отыр. Шалғайдағы ауыл тұрғындарының шексіз тырысса, қала орталықтарында да жағдай мез емес. Өзсіз интернет өзігерге салып, талай адамның аузы күйді. Телефонмен көкке қол созып, желі шікілігінен ағаш басына яки шатырға шығудың дәурені өтті емес пе? Бірақ, карантиннің көзінде интернеттің жоқтығынан оқушы төбе көзіп кетті. Сонда «даму» деген даңғаза құр сөз бол қалды ма дерсің. Интернеттің сапасы мен жылдамдық деңгейі төмен. Журттың қызыл көңірдек болатыны да сол. Бірақ соған қарамастан «әлемнің алпауыт мемлекетінен алға озып» кетіпті. Пәлі, салыстырудың да салмағы болу керек шығар?! Бұл мәлімдемеге қоғам арасында қайшы пікір туындады. Өйткені, интернеттің игілігін көрмей, сарсаңға түскендер бар.

Кәсіпкер 10 маусым мен 2 шілде аралығында өткен оқу бағдарламасында сападағы жана технологияға қанығып, аймақта қолданысқа енгізуге болатын әдістерді қаныға алған. Жана біліммен елге оралған кәсіпкер өкілі оқу барысында алған тәжірибесін компанияда қолдану мүмкіндіктерін қарастырып жатқанын жеткізді.

Жалпы, Жасуланның аталған бағытта қызығушылығы кәсіби қажеттіліктен өзге, кәсіпті игерілету талабынан туындаған екен. Себебі, серіктестік күрші өсіру арқылы табысқа кенеліп, сала дамуына да осы саламен бағалады. Сондықтан JICA-дің оқу бағдарламасы қатысу арқылы біліктілігін көтеріп, шетел асуы – кәсіпкерге де, мекемеге де олқа.

Осы орайда шетелде біліктілік арттырған азаматтардың құжаттарды реттеу, жүйелі тәжірибе алуға жағдай жасау бағытында тындырылмай жұмыс істеген облыстық кәсіпкерлер палатасының мамандарына алғысы ерек. Алтуынша, мамандар оқу бағдарламасын қамтамасыз ету үшін жалпы бірдей міндетті орта білім беру қоры жұмыс істейді. Еске салсақ, Батыр мектеп жылытығын сатып алу сомасы 17 мың теңгеден басталған болатын.

«Халықаралық агенттік күрші өсіру және өңдеумен айналысатын кәсіпкер өкілдерін маусым-шілде аралығында өтетін «Жапон тәжірибесі арқылы бизнесіңізді әлеуетін дамыту» тақырыбындағы оқуға шақырды. Бұл ұсынысты өңірдегі аталған салада қызмет көрсететін кәсіпкерлердің барлығына жолдадық. Қосымшасына «Абай Дәулет» ЖШС-ның ұсыныс танытып, қатысуға ниет білдірді», – деді Кәсіпкерлер палатасының бөлім бастығы Алма Пірманова.

Берен ШАҒЫРӨВ

ТУРИЗМДІ ТҮЛЕТУДЕ БАҚ-ТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

3 бетте

«ТАРИХ ЖАН ТАЗАЛЫҒЫН КАЖЕТ ЕТЕСІ...»

4 бетте

ИНТЕРНЕТТІҢ, ИГІЛІГІН ҚАШАН КӨРЕМІЗ?

Астанада да желі байланысы нашарлаған. Әлбетте жүйе қатып қалып, титыққа тисе, жүйке де жұқарады. Десе де сапада сын жоқ екенін мәлімдеген басшылық шаң жуытқысы келмейді.

2 бетте




Ауылда тұратын жас көп. Дегенмен ауылда қалғысы жоқ. Басым бөлігі қалаға кетуге құмар. Сондықтан он шақты жыл бұрын «Дипломмен ауылға» бағдарламасы қолға алынып, мәселенің түйінін тарқатты. Өйткенен ауылға артынып-тартынып келетіндердің дені – мұғалім мен дәрігер мамандығын оқыған жас. Бұдан бөлек, олардың баспаналы болуда қиындыққа тап болатыны да айтылады...

Көпшілікке мәлім, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жастарды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан көтермеақы мен баспана алуға жеңілдетілген несиесі ұсынады. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы маман ауылдық елдімекендерге жұмысқа орналасқан жағдайда жоба шеңберінде қажеттілігіне қарай тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 1500 АЕК-дан аспайтын сомда жылдық 0,01% мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік несиесі түрінде әлеуметтік қолдау шараларын алу мүмкіндігі бар. Әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылған маман ауылдық елдімекендеріне жұмыс істейтіндеріне алады. Бүгінде аталған бағдарламаның игілігін көргендер қатарында

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА»: ЖАС МАМАНДЫ НЕ КҮТЕДІ?

Бота есімді бойжеткен бар. Ол жобаның тиімді тұсына тоқталды. «Қосшыңырау ауылдық округіне «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысқа тұрдым. Бастапқыда ауылда жұмыс істемеймін деген ой келген. Отбасымың айтуы бойынша, бағдарлама жемісін көрудемін. Ауылдан үй алдым. Енді, міне бұл жерде бес жыл емес, ұзақ мерзімге қызмет етуге әзірмін. Себебі ауыл тұрғындарының көзқарасы жақсы, бауырмал. Табиғаты әсем. Ауылдық жер қалай адамды оңай баурап алады екен. Замандастарымды ауылға келіп, еңбек етуге мемлекет жасаған жағдайды пайдалануға шақырамын», – дейді бағдарлама игілігін көрген кейіпкер. Шынында, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының үздіксіз жүзеге асырып жатқанына біршама жыл болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында бағдарламаға бөлінетін қаражатты 20 млрд теңгеге ұлғайтуды тапсырды. Оның бірден-бір себебін ауылдық мектептерде педагог кадрлардың жетіспеушілігімен байланыстырды. Аталған бағдарлама осы жылдар аралығында



мемлекетке де, жас мамандарға да тиімді екенін дәлелдеп отыр. Тиімдісі сол, жоғары оқу орнын бітірген, қолында дипломы бар жас мамандар ауылдарға барып мемлекет есебінен біржолғы көтермеақы, содан соң аз пайызбен несиесі алады. Сол қаржыға жергілікті жерден тұрғын үй сатып алады. Сөйтіп ары қарай мамандығымен жұмысын жалғастыра береді. «Баспана – бақыт шамы» демекші, оқуды жаңа ғана бітіріп келген жас мамандарға бұл үлкен көмек болмақ. Десе де бағдарлама тарапынан баспанаға әлі де қол жеткізе алмай жүргендер де бар екен. Instagram парақшасына аталған бағдарламаның тауыметін көріп жүрген жастар өз пікірін ұсынған еді. Сонымен, жастар пәтер алуда қандай мәселеге кезігуде? – «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы кезекке тұрдым. Тиісті мекеме

сәуір айында алатын үйді есептете беріңіз деп хабарласты. Одан кейін мамыр айына дейін күтiңіз деді. Күттік. Өзіміз хабарласамыз деген, жауап болмады. Біз хабарласқанда заң өзгеріп жатыр деген жауап алдық. Жылда үйді мамыр айының соңында береді екен. Аламын деген үйдің егесі басқа кісіге сатып жіберді. Үйді есептетуге берген ақша босқа кетті. Бұл мәселеге кім жауапты өзі? – дейді желі пайдаланушысы. Бұл пікірді Сымбат та былай жалғайды: «Бәрімізді де осы мәселе мазалайды. Аламыз деп келісіп қойған үйдің егесі асықтырып жатыр. Ол өтіп кететін болса, біршама ақшамыз желге ұшады. Себебі, құжаттарды қайта дайындау керек. Одан қалды үйді қайта өлшетуге тура келеді»,

– дейді Сымбат. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкілдік функциялары 2023 жылдан бастап «Ағарлық несиесі корпорациясы» Ақдан «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға берілді. Осының негізінде қазір банк тарапынан «Васрапа market» порталын іске қосу жұмысы жүруде. Портал іске қосылғаннан кейін мамандардың құжатын әрі қарай рәсімдеу жұмыстары жүргізілетін көрінеді. Қалай десек те, жоғарыда келтірілген мәселелердің кездесуі жастардың жоба ерекшелігін дұрыс түсінбеуі мен жергілікті билік өкілдерінің жұмысты жөнді жүргізуінен екен. Себебі, бағдарламаның басты мақсаты – құты қашқан ауылдың мәні мен сәнін кіргізу. Ауылдағы кадр тапшылығы жоюды да осы бағдарлама еншісінде.

Мөлдір САБЫРЖАН

Жалғасы. Басы 1-бетте

– Сіздер де «Speedtest» халықаралық рейтингіне сүйенсеңіздерші. Егер осы халықаралық рейтинг Астананың 35 позицияға көтерілгенін жазса, демек біз 35 қаланы озып кеттік. Тіпті, Токионы басып оздық. Сол рейтингті жасаған мен емес қой! – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин. Ғаламтордың жұмысына көңіл толмаушылық басым болғанда мұндай ақпарат ертеп секілді көрінді. «Бәрі бәлду-бәлду өтірік» демекші, анық-қанығын байыптағандар да табылды. Бұл сөздің қаншалықты шындыққа жанасатынын тексеріп көру үшін Press.kz тілшісі Жапония астанасында жүрген саясаттанушы Данат Жуминмен хабарласып көрген. Ол дереу интернет жылдамдығын тексеріп, Бағдат Мусиннің сөзін теріске шығарды. Яғни, Астанада сол сәтте интернет жылдамдығы секундына 15,8 мегабайтты көрсетсе, Токиода бұл көрсеткіш 192 мегабайтқа тең болған, яғни біздің елден 13,5 есе жылдам. Министр Бағдат Мусин болса, халық бекерге ашуланады, одан да интернетті үнемдеп пайдалану керек деген ой айтады. – Ақшаны үнемдеп, мобильді интернеттің

қымбат екенін түсінейік. Үйге келгенде Wi-Fi желісіне ауысу керек. Экономика мәдениеті болу керек. Суды үнемдегендей мобильді интернетті де үнемдейік. Егер сізге техникалық білім беру бағдарламасын жүргізу қажет болса, мен дайынмын. Интернет – шектеулі ресурс. Себебі, базалық станция мобильді құрылғылардың белгілі бір санын қосады. Белгілі бір санның көп мобильді құрылғылар қосылған болса, оған сай байланыс нашарлай бастайды. Ал екінші базалық станцияны орнату үшін қомақты инвестиция қажет, – деп түйіндеді Б. Мусин. Сайып келгенде, «сен тимесен, мен тиме, бадырақ көздің» кері. Әуел бастағы үдеудің бәрі жалаң сөзге айналып, жұрттың жалтақтап отырғаны енді. Ең құрығанда ауыл-аймақтың желісін жүйелеп беруге шама келетін шығар. Өйтпесе, интернет те өзекті мәселеге айналып барады. Елдімекеннің жайы бір бөлек, мектеп, ЖОО-да кедергілер кездеседі. Студенттер табылдықтан аттай бере «байланыс аясынан тыс жерде» қалады. Ал ондай күйдің күйігіне түспес үшін кабинет жағалауға тура келеді. Қашанғы ауызды қу шөппен

сүртуге болады? Өзгелер 5G-ге дейін интернет көзін жақсартып жатқанда, біз «қайтсек жылдамдықты арттырып, сапаға көңіл белеміз?» деп аланбыз. Хош. Ендігі мәселе – ұялы байланыс операторлары тариф бағасын көтеруде. Онда ақша желге ұшпас үшін интернеттің жұмысын жүйелеу керек. Алғашқыда 990 теңгенде басталған тариф бағасы қазір шарықтап кетті. Өр

көтермейді. Ал баға бағамын реттеу министрлікке тиесі емес. Тарифтер бағамын байланыс операторларының қузырындағы мәселе көрінеді. – Жүк-теме есіп жатыр. Жалпы дүние-жүзілік рейтингтер бойынша салыстырсақ, Қазақстанда адам басына шаққан 15 гигабайттан жоғары трафикті қолданып жатырмыз. Ал дамыған елдерді алтын болсақ, 9 гигабайттан аспайды. Бұл дегеніміз не? Барлық адам интернет трафикті қолданып жатыр. Бұл бір жағынан цифровизация үшін өте жақсы көрсеткіш. Бірақ операторларға жүгінер

болсақ, олардың да инфрақұрылымы инвестицияны талап етеді. Біздің министрлік тарифтерді реттеу механизмін қолданбайды. Өйткені ресми түрде тарифтерді бақылау функциясы бізге жүктелмеген, – деді министр. – Ал Tele2 және Altel тарифтердің өсуі экономикалық жағдайға байланысты екенін хабарлады. – Біз тарифтік жоспарлар бағасын өзгерту туралы шешім қабылдауға мәжбүрміз. Бұл сіздің бюджетіңізге әсер етуі мүмкін екенін түсінеміз, сондықтан қосымша ресурстар мен қызметтер түрінде өтемақы ұсынамыз. Бұл өзгерістер инфрақұрылымға негізделген шығындардың өсуіне, жаңа технологиялардың іске қосылуы мен дамуына, жаһандық логистикалық тізбектердің бұзылуына, инфляцияға, электр энергиясының қымбаттауына, жаңа технологияны енгізу үшін жиіліктердің қымбаттауына және біздің компания үшін белгілі бір сынқатерлер тудырған басқа да жағдайларға байланысты, – деді компания өкілдері. – Телефонға тарифтің өсетіндігі туралы хабарлама келуде. Мейлі, қымбаттасын депік,

бірақ нәліктен соған сай сана реттелмейді. Гигабайт, тіпті қонырау шалатын минуты да көбейген жоқ. Бұрын реттеу немәсса қолданылу аясы бір ай еді, қазір 15 күнге дейін де қысқартап тастаған. Қымбатшылықтың кезінде бұл да қалтаға салмақ, – деді қала тұрғыны А.Әлібек. – 15 тамыздан бастап бейне-әлеуметтік желілер және мессенджерлері бар науқан тарифтері аяқталады. Сондай-ақ, күнделікті топтама күні өзгереді. Осы күннен бастап YouTube, Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде шектеусіз трафик, TikTok, WhatsApp және басқа да танымал әлеуметтік желілері мен мессенджерлердегі «Жарқын 4990» және «Жарқын 5990» тарифтерінде шектеусіз трафик тоқтатылады. Гигабайттар негізгі қоспаға сәйкес жұмсалады, – деп хабарлады Beeline компаниясының өкілдері. Қорыта келгенде, істі бір-біріне сілтенгеннен гөрі бірауыздан шешкен түйінді тарқатады. Қамдану болғанымен жандану керек. Сондықтан сөзден еске көшкен абзал. Бәлкім, сонда Токиодан алға шығармыз...

Нәзік АХМЕТ



«Қонаев қаласында қос бірдей халықаралық деңгейдегі шара – Медиа және туризмнің халықаралық форумы және әуе шарларының фестивалі өтіп жатыр. Әлемнің 15-ке жуық мемлекетінің және еліміздің көптеген өңірінің БАҚ өкілдері қатысын отырған медиа форумның маңызы зор. Бұл ірі екі шара өңір туралы ақпараттық кеңістікте оң пікір қалыптастырады деген сенімдемесіз. Себебі Алматы облысы үшін туризмді дамыту – маңызды экономикалық фактор», – деді ол.

Өңір басшысы аймақта атқарылып жатқан іс-шаралардың маңызын, туризмдегі инфрақұрылым, қызмет сапасын көтеру сынды бүгінгі өзекті мәселелерді қозғай келе мына жайтты айтты: «Алматы облысында кәсіпкерлер туристік нысан салса, шағындарының 10%-ын, жол бойындағы сервистік нысандарды сапса 10%-ын, туристік автобус аяса 25%-ын қайтару механизмі қарастырылған».

Медиа форумның ашылу салтанатына Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі де арнайы қатысты.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен Алматы облысы екіге бөлініп, жаңа облыс орталығы – Қапшағай қаласына Қонаевтың есімін беру тарихи әділеттілік болды. Облысқа алғаш рет келіп отырғандықтан өңір басшылығын осы тарихи шешіммен құттықтаймын.

Өздеріңізге белгілі, ел арасында «тарих Шумерден басталады» деген сөз бар, ал біздің тарихымыз Іле өзенінен басталады. Тіпті, көне түрік күнтізбелік мұшел жыл санауы Іле өзенімен байланысты. Қонаев құрылғалы бері ауқымды шаралар ұйымдастырылып келеді. Облыс әкімі айтып кеткендей, туризмді дамыту үшін БАҚ-тың ақпараттық насихатының маңызы ерекше. Медиа мен туризмді бір жерге тоғыстырған бұл форум Алматы облысының туризмнің дамуына септігін тигізеді», – деді министр.

Іліктілі іс-шараның басты ұйымдастырушысы, «Түркітілдес журналистер қорының» президенті Нәзия Жоймергенқызы әлемдік туризм пандемиядан кейін дамығанын атап өтіп, дүниежүзі бойынша туризм саласындағы былтырғы кіріс 1 трлн АҚШ долларға жеткеніне де назар аударды.

«Алматы облысы – қазақтың ежелгі едет-ғұрпы, тарихы, салт-дәстүрінің ең басты даму мекені. Сол себепті форум биыл осы жерде ұйымдастырылып отыр. Тамызда Анталиядан журналистер келіп, өңір басшысының қоғдауымен бұл жерде тағы да ауқымды шара өтеді. Онда туризмді дамыту, инвестиция тарту секілді мәселелер қарастырылатын болады. Шетелге шығу жақсы, бірақ Қазақстанның да көрікті жерлері көп, соларды бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік



желіде насихаттап, ішкі туризмді дамытуға шақырамын», – деді Н.Жоймергенқызы.

Өрі қарай форум жұмысы үш сессияға бөлінді. «Қазақстандағы туризм: даму келешегі мен мүмкіндіктері» сессиясына «Alatau Aqparat» media holding директоры Ержан Төлкелі модератор болды. «Kazakh Tourism» ҰҚА АҚ Басқарма төрағасы Талғат Аманбаев Қазақстандағы медиа және туризм, Түркия Республикасы Туризм министрлігінің Орталық Азия мен Кавказ

мақсат – қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеу, экологиялық өңдеуге болатын ыдыс-аяқ пен басқа да эконоте-

риалдарды пайдалану арқылы табиғатқа құрметпен қарауды насихаттау.

«Облыста туризмді ілгерілету және дамыту жолға қойылған. «Konaev international balloon fest» шар фестивалі де аймақтағы айтулы оқиға болмақ. Бұл – қонақтар үшін табиғаттың сұлулығын тамашалауға және ұмытылмас әсер алуға мүмкіндік. Таңғы сағат 5-тен бастап фестивальге жиналған көрермен осындай сұлулықты тамашалауға шабыттанды, тіпті сағат 7-ге таман шармен биіктікке шығуға ниет білдіргендердің үлкен кезегі пайда болды. Яғни, осы арқылы біз туризмге түрен салуға болатынын көрсетеміз. Өған 6 ай бойы дайындалдық, талдай келе Қазақстанда мұндай фестиваль өтпегені білдік, қолға алдық. Қонаев тұрғанда Каппадокияға барудың қажеті жоқ деп жазып жатыр желіде. Бұл – үлкен нәтиже», – деді өз сөзінде Алматы облысының әкімі.

КӨЛСАЙДАҒЫ КЕРЕМЕТ НЕМЕСЕ ТҮРГЕНДІ ТҮРПЕНДІ АЛСАҚ...

Мұнан соң форум қатысушылары көркем де келбетті Көлсайды аралады. Автобстан түсе сала ақ жауын басталды. Жанбырдан кейін өлкенің өсетпді одан сайын ашыла түсті. Жұпар шақан иіс, тынысында ашатын таза ауа жайлы әңгіме тіпті бөлек. Осы ғажай көрініске көз суарған шетелдіктер алдағы уақытта жұмақ мекенді бір көптеуге асығары даусыз. Себебі Аспантау баурайындағы өспеті бөлек әсем табиғат жанға қуат сыйлады.

Мемлекет тарапынан экотуризмді дамытуға бағытталған бріктар бағдарлама іске асуда. Соның бірі – осы Көлсай сайына апарар жолды электр желісімен қамту мәселесі. Бұған ауқымды қаржы бөлінген. Бірер жыл бұрын Қайыңды жолы, Саты сайына апаратын жолға жеңілдеу жүрде. Ал «Көлсай көлдері» ұлттық паркінде 200-ге тарта азамат еңбек етеді. Оларды мазалайтын басты сауал – жалақының аздығы. Жыл басында еңбекақы 20 пайызға өскен екен. Дегенмен жауапты міндетке жұмылған мамандар үшін бұл да төмен.

Яғни ұлттық парк қызметкерлері еліміз бойынша ең төменгі жалақы алатын азаматтардың санатында. Жалақы көтерілсе, жақсы мамандар тартылып, бөсекеге сай орта қалыптасар еді. Ал бөсеке болған жерде прогресс болады. Дегенмен бұл салада жұмыс істейтін мамандардың көпшілігі табиғи

ТУРИЗМДІ ТҮЛЕТУДЕ БАҚ-ТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

аймағындағы кеңесшісі Алпарслан Ақынджи Жаңа «Жібек жолы» туристік белдеуіндегі Түркі ұйымына мүше елдердің ынтымақтастық негіздері, Өзбекстанның Экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі министрінің кеңесшісі Лопла Рахманбаева Орталық Азиядағы экотуризмнің келешегі туралы баяндады.

Екінші сессия медиа, PR және туризм индустриясына арналды. «Молдова-1» қоғамдық телеарнасының Әлеуметтік-экономикалық тақырыптағы жобаларының бас редакторы Людмила Барба мемлекет, БАҚ және үкіметтік емес ұйымдардағы туризмді дамытудың ынтымақтастығына, «СОСЕР International» президенті Али Гедикоглу Франциядағы этикалық медиа, идеологиялық медиа және туризмге ықпалына, Түркияның «Еуразия мәдениет және спорт ынтымақтастығы» қоғамдық қорының директоры Ахмет Түзүн әлемдік спорт туризміне, ал қазақстандық PR мамандары клубының президенті Шынар Жәнібекова туризм индустриясындағы PR қызметінің ерекшеліктеріне тоқталды. Үшінші сессияда Синтетикалық медиа: контент қалыптастырудағы нейрожүйе сөз болды. Жасанды интеллект форум қатысушыларының қызығушылығын тудырғаны рас.

«МҢЫ БОЯЛҒЫ АСПАН: БҰЛ – КАППАДОКИЯ ЕМЕС, ҚОНАЕВ

Форум аясында әуе шарларының фестивалі де қатысушылардың назарын аударып, жылы жүзdesудің соңы көтеріңкі көңіл күйге ұласты. Шараны ұйымдастырудағы басты

Туризм – көптеген елдерде басымдығы мол сала. Деректерге сүйенсек, 2030 жылға қарай жалпылама көрсеткіш бойынша 1,8 млрд-тан астам адам ел аралауға шығады деп күтіліп отыр. Бұл – осыншалықты адам халықаралық шекараны асады деген сөз. Ал, Қазақстанға келер болсақ, бізде бұл үдеріс енді басталып, біртіндеп қолға алынууда. Еліміздегі демалу мүмкіндіктері жайлы өлем жұртшылығы жайлап біліп жатыр. Жақында Алматы облысының орталығы – Қонаев қаласында өткен «Туризм мен жаңа коммуникацияларды дамытуға: БАҚ-тың маңызы» тақырыбындағы І Халықаралық медиа және туризм форумы тақырыпқа түрен салып, туризмнің әлеуетін арттыруға сеп болды дегуге негіз бар.

Ауқымды шараға Қазақстан мен Бельгия, Түркия, Британия, Франция, Австрия, Нидерланд, Германия, Бельгия, Швейцария, Молдова, Өзбекстан, Қырғызстан және Өзірбайжан елінен 200-ден аса БАҚ басшылары, журналистер, PR-менеджерлер, баспасөз хатшылары, медиа саласындағы үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. Алғымсөзді Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев алып, туризмді дамыту, халықтың өмір сапасын арттыру өңірдегі басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.



парк аумағына жақын орналасқан ауылдардың тұрғындары көрнеді. Олар жалғыз бұл жұмыспен шектеліп қалмай, мал шаруашылығы секілді өзінің басқа да кәсіптерімен қатар айналысады. Кәлсайға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарының тұрмысын жақсартуға туристік орын оң әсерін тигізуде. Туристерге қызмет көрсету, жатын орын ұсыну, атақ міндету, тамақ әзірлеу секілді көптеген жұмыспен айналысатын осы жергілікті тұрғындар.

Осыдан бес жыл бұрын мұнда жылына небәрі 6-7 мың турист келсе, қазір бір маусымда ғана 165 мың турист Көлсайға табан тірейді екен. Бұл – қуанарлық жайт.

Түрген шатқалына жол түсіп, таудан құлай ағып жатқан «Аюлы» сарқырамасының сұлулығына да тамсану бұйырғанын айтпай кетуге болмас. Табиғаттың әсем жерлерін ақын-жазушылар өлеңіне қосып, жырлап келеді. Алайда бұл ғажай сұлулықты көзбен көріп, жүректен сезінген бөлек. Суы тұнық, шағаласы аспан әлемін шұлатып ұшып жүретін мекенде турист көп. Ал халықаралық форумнан соң олардың саны тіпті артатыны анық. Біз тек қолда барды ұқсатып, өзге елдер секілді ішкі туризмді дамытуға жұмыла күш салуымыз керек деген оймен жолға шықтық.

ШАРЫННАН ШЫРАЙ КЕТПЕСІН...

Шажырымдарды артқа тастап, Шарын шатқалына жеттік. Мұндағы сұлулықты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Шарынды Американың аты әйгілі Гранд шатқалының кішірейткен көшірмесі деп те атайды. Тарихи деректерді парақтасақ, оның бұл аумақта пайда болғанына 12 млн жылдан астам уақыт болған. Тау биіктігі 300 метрге дейін жетеді. Төмен түсетін жалғыз аяқ жол ертегілері еліне әкететіндей.

Ақ жолақ белдеулер санғасырлық тарихтан сыр ақтарады. Бірде мүсін кейлінде, бірде алып киіз үйлі ауылды көз алдына әкелетін құзар жартастың қылығына қызығасыз. Ал қызыл қамалдар аңғары таңғайып сымбатымен еліктеді. Анықтап қарасаңыз, өзіңізді ашық аспан астындағы мұражайда жүргендей сезінесіз. Сандарды сөйлестек, бытыр 19 мың турист Шарын шатқалын тамашалаған көрнеді. Оның 60 пайызға жуығы – шетелдіктер. Соның ішінде Балтық жағалауы елдері, Еуропа мен Азиядан келушілер көп. Бір қызығы, мұнда динозаврлар кезеңінің жәдігері ретінде белгілі ерен ағашының барын білдік. Ол

мұз дәуірінде де міз бақпай, «тірі» қалған. 1964 жылдан бастап ерен тоғайы табиғат ескерткіші деп жарияланған екен. Айтпақшы, Шарынның аумағында жүргізілген қаза жұмыстарының нәтижесінде геологиялық дәуірде өмір сүрген пілдердің, мүйізтұмсықтардың, стенон жылқысының және кейбір жоғалып кеткен өсімдіктердіңде қалдықтары табылған деген дерек бар.

Қазір шатқалды туристерге тартымды ету жалғасып жатыр. Мұнда енді кемпинг, глэмпинг және этноауыл мен эко-қонақ үйлер көбейетіні білдік. Қуантатыны, парк аумағында құрылыс жұрмейді, нысандар жерін жиналатын конструкциялар арқылы тұрғызылады. Себебі, ұлттық парк туристер қызығатындай түрленгеннен, табиғи келбетін жоғалтпауы тиіс.

Қалай десек те, тұралған туризмді дамыту күн төртбінен түспеуі керек. Ал жүзденген жаңық басын біріктірген форум ішкі туризмге жан бітірді дей аламыз. Біз оны келген меймандарды табиғатымызға деген ерекше ықыласы мен қызығушылық танытқан пікірінен байқадық. Мәселен, осы басқосу кезінде Германиядан келген әріптесіміз, «Еуропа» телеканалының қожайыны Алипаша Ақбаш Қазақстан туризмін өз арнасында насихаттауға дайын екенін айтты. Өзірбайжандық журналист Эльчин Машикли «Бакутопы» сайтында Қазақстан үшін арнайы айдар ашатынын жеткізді. Франциялық Али Гедикоглу ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар өткізетін әлемдік көрмелерде Қазақстан туризмін насихаттауға ұсыныс айтты.

Жалпы, туристер қауымына заманауи қалалардан гөрі көне, тарихи қалалар, көз тартар ерекше табиғат қызығарық екені түсінікті. Тек туристер ағылатындай алғашарт жасалуы тиіс. Ал ол уақыттың еншісіндегі шаруа ғана...



«ТАРИХ ЖАН ТАЗАЛЫҒЫН ҚАЗЕТ ЕТЕДІ...»

– Тарих – жан тазалығын, шынайылықты, үздіксіз ізденісті талап ететін ғылым. Бұл саланы таңдауыңызға не түрткі болды?

– Иә, өрине. Тарих – тынымсыз еңбек пен үлкен тәжірибені қажет ететін ғылым саласы. Менің тарих саласына деген қызығушылығым оқушы кезімнен басталды. Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр атындағы № 70 орта мектебін бітірдім. Онда көбіне гуманитарлық бағыттағы пәндер ерекше ұнайтын. Оның ішінде, әсіресе, тарих пен әдебиет сабақтары ерекше назарда болды. Бесінші сыныпқа өткен шағымда аудандық кітапхананың балалар бөлімінен ересектер бөліміне ауыстырды. Әлі есімде, осында ең алғаш оқыған тарихи кітабым – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі. Автордың кітап жазу барысындағы тарих ғылымына деген шекіз адалдығы ерекше әсер етті. Кейінірек, оныншы сыныпқа өтер кезімде ұстазым Ұлан Қалиев Ұлттық бірінші тестілеуге дайындалу мақсатында №249 мектеп-лицейдің мұғалімі, ауданның белгілі тарихшысы Ғалымжан Жантөреден білім алуға кеңес берді. Тарих ғылымына қатысты бастапқы негізгі білімді Ғалымжан ағайдан үйрендім десек болады. Күнделікті мектептегі сабақтар аяқталысымен, Ғалымжан ағайдың үйіне жол тартып, кешкі сағат 10-ға дейін тарихпен шұғылданытынбыз. Ұстаздардың берген тәрбиесі мен білімінің нәтижесінде мектепті «Алтын белгімен» төмамдап, Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіне (ол кезде – Тарих, археология және этнология факультеті деп аталатын) мемлекеттік грант негізінде оқуға түстім. Жоғары оқу орнындағы студенттік жылдарымда белгілі тарихшы-ғалымдар С.М.Мәшімбаев, Қ.С.Қаражан, Т.Омарбеков, Б.Б.Керібаев секілді профессорлардың дәрісін тындадық.

Өзім ҚР ҰҒА Құрметті академигі, т.ғ.д., профессор Т.Омарбековтің ғылыми жетекшілігінде болдым. «Бір мұғалім бар, алдынан тез кеткің келеді, бір мұғалім бар қуып жеткің келеді, ұстаз бар, алдында мәңгі жүгініп өткің келеді» демекші, қадірлі ұстазымыз, марқұм Талас Омарбеков біз үшін «мәңгі жүгініп өткің келетін» ұстаз еді. 2021 жылы «Кеңестік тоталитарлық жүйенің білігі жағдайындағы тұлғалар қызметі (XX ғ. 20-30

жылдары)» атты тақырыптағы дипломдық жұмысымды сәтті қорғап, білім ордасын үздік дипломен аяқтадым. Одан өрі осы оқу орнының магистратура бөліміне оқуға түсіп, биыл ҚР ОМА директоры, т.ғ.к. С.Қ.Шідебайдың жетекшілігімен «Қазақтың алғашқы кәсіби тарихшысы Х.М.Әділгереевтің өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметі (1907-1974 ж.ж.)» атты тақырыптағы магистрлік диссертацияны жемісті қорғап, «гуманитарлық ғылымдар магистрі» атандық. Осылайша, тарих ғылымына өзіміздің алғашқы қадам басып жатырмын.

– Алғашқы пьеса жазған қазалылықты анықтадыңыз. Сол туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

– XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы сталиндік қуғын-сүргін саясатының салдарынан қаншама көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың өмірі қиылып, олардың отбасылары мен жақын туыстары итжекенге айдалып кеткені белгілі. Сол тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ қадіркерлерінің бірі, жерлесіміз Меңдіболла Күзембайұлы жайлы бүгінге дейін бірде-бір көлемді мақала жарық көрмеді. Меңдіболла Күзембайұлы – өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Қазалыдағы білім беру ісін дамыту мен жергілікті халықтың хал-ахуалын көтеру мақсатында ушан-теңіз қызмет атқарған қайраткер. 1918 жылы халық аштықтан әбден қалжыраған шақта қаланың бай-қуатты адамдарынан қаражат жинап, аштыққа ұшыраған жандарды аман алып қалу мақсатында түрлі көмек көрсету шарасын ұйымдастырды. Өңірдегі егіншілік кәсібін дамыту үшін арықтар қаздыру жұмысына басшылық жасады. Сырдария сьезінде Түркістан Уақытша ұлт кеңесіне мүше болып сайланды.

Ташкент, Қызылорда, Мәскеу және Алматы қалаларында түрлі жауапты қызметтерді атқарды. Қайраткердің өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтерді іздестіру барысында Алматы (ҚР ОМА, ҚР

ПА), Шымкент (ТОҚСТАМА), Мәскеу (РГАСПИ) және т.б. қалалардағы архив қорларынан құнды құжаттарды анықтадық. Біздің назарымызды ерекше аударған маңызды туынды – Меңдіболла Күзембайұлының «Бақытсыз қыз» (1918 ж.

(баспаға даярлаған Ш. Сарыбаев) атты пьесасы. Оны біз ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорынан кезіктірік. Шығармада өрімдей жас қазақ қызының еркінен тыс болысқа әйелдікке беріліп, оған көнбеген ару ауылдан қашып, қыстың бораған жырғеке арасында аяқталмайтын трагедиялық оқиға баяндалады.

Өкінішке орай, елім деп еңбек еткен асыл азамат Меңдіболла Күзембаев нақақ жаланың салдарынан 1938 жылы 7 наурызда 49 жасқа толар туған күніне 8 күн қалғанда, сталиндік репрессияның құрығына ілігіп, ату жазасына кесілді. Қайраткердің жары Степанида Лаврентьевна 11 жасар баласы Абайменен Алматыдағы пәтерінен қуылып, қала сыртынан жертеліп қазып,

күн көруге мәжбүр болды. Азапқа шыдамаған жары көп ұзамай, ауыр дертке шалдығып, жан тапсырды.

Арыстың жалғыз тұяғы Абай Меңдіоллаұлы 2021 жылы 4 наурызда 95 жасында өмірден озды. Қазіргі таңда одан тараған ұрпақтары Ресейде тұрып жатыр.

Халқына қалтқысыз қызмет еткен тұлғаның еңбегі егеменді елімізде лайықты түрде қастерленуі тиіс. Алдағы 2024 жылы Меңдіболла Күзембайұлына 135 жыл толады. Соған байланысты ардақты азаматтың өмірі мен қызметіне байланысты жинақ шығарсақ нұр үстіне нұр болар еді.

– Омбыға барып, архивті ақтарып, тың ақпарат тапқан боларсыз? Омбыда оқыған қазақстандықтардың арасында қызылордалықтар да бар шығар?

– Осы жылдың 19-29 маусым аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих факультетінің деканы, т.ғ.д., қауым. профессор Д.С.Байғунаковтың жетекшілігімен керемет жоба жүзеге асты. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Алматы облысы Жәналық ауылындағы саяси қалдықтарының археологиялық верификациясы мен тарихи идентификациясы: пәнаралық зерттеулер» ғылыми-зерттеу жобасы негізінде тарихшы Е.Стамшаловпен бірге Ресейдің Омбы қаласындағы Омбы облысының мемлекеттік тарихи архивінде (ГИАОО) болдық. Жоба тақырыбына қатысты құжаттарды іздеу және жинақтау мақсатында іссапар сәтті өтті. Жұмыс нәтижесінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Омбы қаласындағы оқу орындарында білім алған қазақ студенттері мен өткен ғасырдың 20-50 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының өмірі мен қызметіне қатысты аталған архив қорларынан көптеген құжаттың көшірмелері әкелінді. Оның ішінде, атап айтсақ, Н.Нұрмақов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, А.Тұрпыбаев, Д.Әділов сынды қайраткерлердің жеке істеріндегі құжаттардың санкөшірмелері бар.

– Тарих кеше кім екенімізді тануға көмектеседі. Ал ертең қандай ұлт боларымыз бүгіннен тығыз байланысты. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі Қазақстан қай қырынан, қаншалықты зерттелуде?

– Ұстазым, академик Берекет



Өткен күнді өлшеп, бүгінге шынайы баға беретін тарихшылар ғана. Ұлтты тану мен сүюдің алғышарты да тарихты түсінуде жатыр. Сондықтан аталған салаға аяқ басқан жастарға қолдау көрсету маңызды. Осы орайда қазалылық жас тарихшы Рамазан Әбілдіспен сұхбаттасқан едік.

Бақытжанұлы дәрістердің бірінде былай деп айтқан еді: «Тарих ғылымы өзіне басты жеті міндет жүктейді. Олар: білім, ғылым, тағылым, тәрбие, саясат, идеология және болашақты бағдарлау». Міне, осы мұраттардың жолында еліміздің тарихшы-ғалымдары аянбай тер төгіп, зерттеу жүргізеді. Көбінесе тарих ғылымынан алыстау жандарға тарих тек ғана бақыткерден құралған баяндау сипатындағы әңгіме ретінде көрінеді. Бірақ шын мәнінде мүлдем олай емес. Тарих математика ғылымы секілді дәлдікті қажет етеді.

Егемендік жылдарынан бастап, тарих ғылымы бұрынғы таптық көзқарастардан бас тартып, өркениеттік негіздегі көзқарастар мен ұстанымдарға бет бұрды. Кезіндегі алып «Қызыл империядағы» саяси жағдайларға байланысты жабық болған тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік туды. Бүгінгі өзінде КСРО «келмесің көмесің мінсіп кетсе де», осы тақырыптарға қатысты архив құжаттарының ішінде өлі де «құпия» таңбасы алынбағандары жетерлік. Бұл дегеніміз, Қазақ тарихының XX ғасырдағы ең күрделі кезеңдеріне қатысты ақиқат толықтай зерделенбеді деген сөз.

Тағы бір айтарым, қазір елдегі тарих ғылымының жағдайы көңіл топарлық деп айта алмаймын. Өкінішке орай, ғалымдардың материалдық жағдайы ретке келмей, ғылымның ілгері дамуы жайлы әңгіме қозғаудың өзі асығыстық. Қазір ғалымдар азғантай жалақы аласа да, нағыз «Платондық махаббатпен» еңбек етіп жатыр. Бірақ ғылым үшін тер төккен әрбір азамат еңбегінің лайықты бағаланғанын қалайды. Әйтпесе, ол іштей жұтылып, өзін-өзі жоғалтпаса кім кепіл?! – **Әдемі өңгімеңіз үшін рақмет!**

Сұхбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ



ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ – ЖАРҚЫН ЭМОЦИЯ МЕКЕНІ

«Жаза апамның ауылына. Барып едім қыдырып...» – деген әннің жолдары бәрімізге танымал және бәрімізге ыстық, ие! Не дегенмен оқудың аяқталуы күткен балалар ауылға ата-әжесінің қасына баруға асығады. Өйткені, әжесінің сандыққа сары майдай сақтаған тәттісінен көмектесіп, қой кезекке де шығады. Сайып келгенде, ауылдың тыныс-тіршілігінің өзі адамға тыныштық сыйлайтыны рас. Бетіңнен төгіп бауырмалдыққа, жанжалдан гөрі жақсылыққа жақын ауылда демалыс өткізу дұрыс шешім. Атаның ақылын, әжеңің тәлімін бойға сіңіріп, «құлыншағым» деген сөзінен жылылық сезініп, еркелеу де ерекше сезім. Өсіресе, балақты түріп, көлдің бойын жағалап, білекті сыбаңын балық аулауға бекіну балалық шақтағы тәтті күндердің таспасы. Өйтсе де, ауылға асыққаныммен білімнің жетілдіруді басты орынға қойған балалар демалысын алдымен лагерьде өткізуге тырысады. Жолдаманың жолынан жаңылмай тынығу орнын таңдап, кейін емін-еркін ауылға баруды жөн санайды.

Демек төрт тоқсанды тәмамдап, жазға асыға жеткен балалар үшін лагерьдің орны бөлек. Эмоцияға толы жарқын сәттердің жаңа ортасы. Уыста тұрмайтын уақытты тиімді пайдаланып, жан-жақты дамуға сеп болатын да – лагерь. Мұнда тек балалар асыр-салып ойнап, көңіл көтеріп ғана қоймай білім қазынасын тоқтырады. Ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, жан-жақты дамуға жол ашады. Оқушының талантын танып, шеберлігін шыңдауда уқым үйлесімді еңбек етеді. Сыр еліндегі лагерьлер де сенімді ақтап, балаға сәулемді сәт сыйлауда қалыс қалған емес. Яғни, Қызылорда облысында 9 лагерь жұмыс істейді. Оның 7-еуі мемлекеттік болса, қалған 2-і жеке меншіктегі лагерь. Қазіргі таңда бұл лагерьлерде 5 мыңға жуық бала жазғы демалысын өткізіп жатыр. Мұны Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз турында байқадық.

– Облыстағы лагерьлер 7 ауысым бойы 8 мыңнан астам баланы қабылдайды деп жоспарланады. Жазғы тынығу лагерьлерінде балалардың демалысын көңілді өрі пайдалы өткізу үшін әртүрлі үйірмелер мен интеллектуалды сайыстар ұйымдастырылады. Сонымен қатар

оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі бағыттағы спорттық жарыстар да күнделікті өткізіліп тұрады. Бұдан бөлек, өңірдегі білім беру ұйымдарының жанынан күндізгі тынығу лагерьлерінің жұмысы ұйымдастырылды. Бүгінде онда 96 мыңға жуық оқушы қатысуда. Жалпы жазғы тынығу лагерьлеріне бірінші кезекте ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалар қамтылады. Ол үшін біз арнайы тізім жасақтамаймыз. Ал 1200 бала жергілікті жердегі меценаттар мен кәсіпкерлердің демеушілігімен облыстан тыс жердегі жазғы тынығу лагерьлеріне баруға жолдама алды, – деді облыстық білім басқармасының тәрбие жұмыстары бойынша бөлімінің басшысы Бектур Қали.

– Бүгінде Сырдария ауданындағы «Жалын» сауықтыру лагеріне 700-ге жуық бала барады деп жоспарланады. Оның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 581 бала аталмайды

лагерьде жазғы демалысын өткізетін болады. Жалпы бұл лагерь 7 ауысым бойы балаларды қабылдайды.

– Біздің лагерьде балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген. Осы бағдарламаға сәйкес, оқушыларды зияткерлік және спорттық бағытта күнделікті дамытып отырамыз. Одан бөлек, ұлттық спорттық ойындар ойнатылып, балалар арасында дебат ұйымдастырылып тұрады. Сондай-ақ, лагерьде бес мезгіл тамақ, арнайы жатын-орын, ойын алаңқайлары, асхана, медициналық пункт қарастырылған. Жалпы лагерьде 8 тәрбиеші жұмыс істейді, – деді «Жалын» тынығу лагерінің директоры Миримхан Момбаева.

Замира ҚОНЫСЖАН

«БОЛАШАҚ АЗАМАТ, ҚАЙРАТКЕР ЖӘНЕ КҮРЕСКЕР»

Ел болашағы – ертеңгі тәрбиелі ұрпақ десек, сол тәртіпті ұрпақ өсіру баршаға ортақ міндет. Олай дейтінім, бала тәрбиенің алғашқы сатысын ата-анасынан алса, есе келе қоршаған орта мен қоғамдағы түрлі оқиғаларға қаныға отырып, жаңа дүниелер игереді. Онан соң өз уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын ұстазынан білім менгереді. Осы уақыт аралығында дұрыс жол нұсқап, қызығушылығына қарай бағыттау нығыз майталман маманның шеберлігі. Ұлы Абай он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып өскерсе, дүниедегі жақсы заманды таныды деген сөзді ұйреніп, жаманнан жиренеді деген емес пе?». Өрине, жас өркеннің алдынан ылғи жақсы жаңалық пен бақытты күн кездесе бермесі анық. Ал, осы жолда сынбай, өзі құраған мақсатты баспалдағынан сүрінбей өтсе, міне, нағыз азамат сонда қалыптасады.

Баланың бос уақытының болмауы өзі үшін пайдалы. Себебі, уақыттың құндылығын біліп өскен бала бос уақытын тиімді өткізуді әдетке айналдырады. Даңқты қол басшы Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген екен. Расында, баланың тәрбиесімен бірге тәртіпке бой ұсынғаны оның болашағының кемел болатындығының айқын дәлелі.

Гүлдана АСАНЖАНОВА,
Қызылорда қаласы бойынша қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығы «Жас тіпші» үйірмесінің жетекшісі

ГРАНТ САНЫ АРТАДЫ

Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Сенат депутаттарының сауалына берген жауабында этномәдени бірлестіктердің жастарына берілетін грант бағыттары көбейтетінін айтты.

«Президенттің тапсырмасын орындау аясында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының мақұлдауымен Жол картасын әзірледі. Соның аясында бүкіл өңірге этномәдени және ұлтаралық коммуникацияны дамытуға бағытталған басқа да қоғамдық бірлестіктерге берілетін мемлекеттік тапсырыс пен грант арқылы қаржыландыру көлемін қайта қарау тапсырылды. Ол тапсырыстар мен грант конкурстарына бүкіл республикалық, өңірлік және жергілікті этномәдени бірлестіктер қатыса алады», – деді Тамара Дүйсенова.

Министрлік этномәдени бірлестіктердің жастарына берілетін «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының бағыттарын кеңейту мәселесін қарап жатыр. Осы жұмыстардың аясында ҚХА этномәдени бірлестіктері жастарына арналған гранттардың бағыттарын 5-тен 7-ге дейін ұлғайту (мемлекеттік тілдің танымалдығын арттыру, ұлтаралық қарым-қатынасты үндестіру және т.б.) ұсынылып отыр.

Жастар бастауы - көші-жарнақ

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР ЖӘРМӨҢКЕСІ

Сырдария ауданында аудандық кәсіпкерлік пен өнеркәсіп және туризм бөлімі мен аудандық жастар ресурстық орталығының бірлесуі ұйымдастыруымен «Жастар бастауы – кәсіпкерлік негізі» тақырыбында жас кәсіпкерлер жәрмөңкесі өтті.

Жәрмөңкенің негізгі мақсаты – тығыз байланыс орнату және өнім өткізуде тәжірибе жиіқтау мүмкіндігін беру.

Аталған шараға аудан әкімінің орынбасары Димаш Байұшышев пен «AMANA» партиясы Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркебұлан Жақып қатысып, тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыруда белсенділік танытып жүрген жастардың жұмыстарына табыс тілеп, оларды қолдау мақсатында өнімдерін сатып алды.

Аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасы мен аудандық кәсіпкерлік пен өнеркәсіп және туризм бөлімінің мамандары жас кәсіпкерлерге кеңес беріп кәсіпкерлікті дамыту бойынша мәліметімен берілді.

Аталған шара барысында аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастырған кәсіпкерлік жобалар байқауының нәтижесінде жеңімпаз атанған жастар марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Мұнан соң шара концерттік бағдарламаға жалғасып, өнерпаздар тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

80% ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШТІ

Оқу-ағарту министрлігі орта білім комитетінің хабарлауынша, қазіргі таңда оқулықтардың 80% цифрлық форматқа көшірілген. Цифрлық нұсқадағы оқулықтар мемлекеттік сараптамадан өтіп, оқу-әдістемелік көшендер тізіміне енгізілді.

Цифрлық оқулықтарды әзірлеуге еліміздің 11 баспасы тартылды. Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу мақсатында педагогтердің оны пайдалануы үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, оқытылды.

«Қазір еліміздегі бастауыш сынып оқулықтарының 94 пайызы, 5-9 сынып оқулықтарының 81 пайызы, 10-11 сынып оқулықтарының 61 пайызы электронды нұсқаға көшкен. 2024 жылғы пәндерді цифрлық оқулықтармен 100% қамту жоспарланған», – деді орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

Электрондық оқулықтармен қатар мектептерде қосымша оқу материалдары ретінде мультимедиялық контентті бар цифрлық білім беру ресурстары бөлімдегі қолданылады. Қазір 80 мыңнан аса цифрлық білім беру ресурсы жасалды.

2023 жылдың басынан бастап Цифрлық білім беру ресурстарына 6,7 мың мектеп қосылды. Бұл ресурстарды бүгінде күн сайын 3 миллионға дейін оқушы мен мұғалім қолданып келеді. Цифрлық білім ресурстарында барлық сыныптарды қамтитын 50 мыңнан аса бейне сабақ жарияланған.

50 ОТАБАСЫҒА ТҮРҒЫН ҮЙ ТАБЫСТАЛМАҚ

Мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар аясында Жалағаш ауданында бірқатар маңызды әлеуметтік жоба іске асуда. Атап айтқанда, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Жалағаш кентінің кіреберісі, орталық алаң және ішкі көшелер абаттандырылуда. Елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны қоршалып, аяқ су жүргізіліп, насос сатып алынды.

Ұлттық қор есебінен халықтың әлеуметтік жағнамын осал топтарына 50 тұрғын үй сатып алуға 480 млн теңге бөлінді. Қазір жеке кәсіпкерлер аудан орталығынан тұрғын үй құрылысын сапалық.

«Учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге был айдандық бюджеттен 40 млн теңге бөлінді, қазір мемлекеттік сатып алу ресімдері жүргізілуде. Нәтижесінде 10 елдімекеннен тұрғын үй табысталады. Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жобалар жыл аяғына дейін толық аяқталады. Сапасы жеке бақылауымда», – деді аудан әкімі Асқарбек Есжанов.


Ауданда жалпы құны 13,1 млрд теңгені құрайтын 35 нысанның жоқ-салмағы құжаттары дайындалып, республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру үшін салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылды.

Соңы. Басы өткен санда

ӘЖЖМ



Проблемасын айтып, мымның шат-шөлкейін шығарған бағанағы топ та тарқаған секілді. Тағы біреу-міреу алдымнан шыға келіп, тежеліп қалмайын деген оймен бұқпантайлап басқан қалпымда жолға шықтың да,



бағалай ма, кәдімгідей еллілдеп сыйлайды. Алдымнан кесе өтпей, құрмет көрсетеді. Өткен жолғы тұсаукесер сый-құрметтің тек басы ғана екен. Бұдан кейін қаншама тойдың

автобұсақа да мінуге именіп, таксимен зымырай жөнелдім. Жұмысқа келе сала алуеметтік желіні қосып едім, су жаңа жаңалық жарқ ете қалып, шалқамнан түсе жаздадым. Түр-келбеті де, дене бітімі де менен аумаытын жігіт оншақты күн бұрын ғана біз тұратын мөлтек ауданның әкімі болып тағайындалыпты. Аты-жөні де ұқсайды. Есім-соы – Жұбан Әйімбетов. Менікі – Нұрлан Әділбеков. Алайда ауданның тұрғындарына мұны оп-оңай түсіндіру мүмкін болмады. Күнде алдымнан күтіп алып, арыз-шағымдарын айтып, есімді шығарады. «Әкім емеспін» десем сенбейді. «Мені шатастырып тұрсыздар» десем «олай алдаусыратпа» дейді. Жеке куәлігімді көрсетейін десем, оным әлдебір сырахананда кепілдікте жатыр. Тіпті біразы қызбалана келе үстімнен арыз жазатын, сотқа беретін, ақырынды абақтыға қуып тығатынын айтып қорқытатын да боп алды. Соған қарамастан ойда-жотқа басыма қона салған бақты өз қолыммен үркіте салуға құштар бола қоймадым. Қанша сөз естисем де дәл бұл күйден ажырағым келмейтін сияқты. Қызмет дегенің осыншама тәтті болар ма деймін апақ-сапақта ойдым-ойдым жолмен шойнаңдап келе жатып. Бұл тұрғын үй кешенінде мені жақсы көретіндердің де қарасы көп. Қашан болмасын сопайып жалғыз жүргенімді қарап-айымдылық деп

төрінде шалқайып, ыстық лебіз пен мақтау-марапатқа ықылық ата тойып, кекіріп-кекірейіп отырым десеніңші. Өп-сәтте әкім болу дегенің күн санап емес, сағат санап жағып бара жатты. Кейін қызды-қыздымен үйге әкім кейпінде келетін боп алдым. Өкім осыншама жұпыны, осыншама сорлы деп айтпасын деген оймен қара базардан су жаңа плащ пен тұнық көк костюм-шалбар сатып алдым. Өкім басыммен шойнаңдап жаман жолмен жүргенім ұятты деп, есік алдына дейін «Яндекс такси» шақыртамын. Қайтарда да жол ақысын метріне есептейтін элита таксимен үйдің алдына дейін келемін. Ондай кезде тұрғындар алдымнан жамырай шығып, қарсы алып та жатады. Өкім бола тура такси қызметін тұтынатыныма қатты таңырқап, бастарын шайқайды. – Қалдарың қалай? – деймін ондайда маңғаз басып, маңызды кейіппен. – Шүкіршілік қой, – деп тұс-тұстан жамырай кетеді олар бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. – Ө, бәрекелді, – деймін бір жәткірініп, бір шалқайып, бір еңкейіп, қайтсем әкімге ұқсаймын деп арпалысып тұрып, – жоқ дей берсек жоғалып кетеміз, біз халыққа жағдайды жасап жатырмыз. Бәрі де болады. Сәл күтіңіздер, – деймін сосын сәл-пәл жымияп. – Рахмет, – деп жамырайды әлгілер, – сіздің арқаңызда елтеп жағдай жақсарып жатыр ғой. Ішінен біреуі шу шығармай тұрғанда қарамды батырайын деймін де, асығыс қоштасып үйіме қарай зып беремін. Келе-келе әкім басыммен арзан асханана барғаным ұятты деп, тұрғын үй кешенінің шығысындағы сән-салтанаты келіскен мейрамханаға баруды да жиілеттім. Баяғы өзім алғаш сырасын суша сімірген «Ас болсынның» жанынан тыжырынып өтемін... Бірақ әкімге сай өмір сүру де қалтаны күн өткен сайын қаққыштап, күн өткен сайын кедейленген үстіне кедейлене бердім. Ипотекаға үй берген жалмауыз банк «бәрі арығын білдірмес...» дегенге түкіре салмай ма.

Жұмыста бастықтың көңілінен қалай шығамын деп дедек қағып, жұмыстан келген соң «әкімдік қызметіме» кірісемін деп-ақ шаршаймын. Сөйтіп жүріп, несие төлейтін күнге де жетіліпін. Енді бір күн кешіктірсем қарызы өсіп шыға келмек. Сондай күндердің бірі еді. Қарсы алдымнан шашы жасына жетпей қудай болып ағарған, көз алды күлтілдеген Жорабектің жолыға кеткені. Қушиған жауырынымнан қапсыра құшақтап апыр-топыр жұлмалай амандасты. Аздап, аздап емес кәдімгідей сыраға бегіп алған түрі бар. – Сен өкім екенсің ғой, е, – деді әй-шәй жоқ, – әкіммен ішіп жүрген менің де бағым бек елі екен ау, ә! – Тынышшы, – дедім сұқ саусақ пен мұрныды іске қосып, айналама бір қарап алдым да, – әкім болсақ та біз де адамбыз ғой, – дедім сыбырлап. – Әй, молодес, – деп ол ет қашқан жауырынымыз тағы жұлмалады, – простойсын ғой. Қазір қалада арбақештің өзі адаммен сөйлеспейді. Сен өкім бола тұра простойсын ей! Сосын ол мені қолтықтаған қалпы алға жүрді. Әлдене деп бұйымтай бастағалы тұрғанын бірден сезем. – Досым, – деді ол бірер сәттік сыра ішкен жақындығын пайдаланып, – менің баламды жұмысқа тұрғызып. Ол ит мен сияқты емес, ақылды өзі. Табақты дипломы бар пәлекеттің, – деп ыржалақты күлді. – Жореке, бұл оңай шарауа емес қой, – дедім қазандай басып келе жатып. – Саспа, – деп қалт тұра қалды, – Жорекең! Жоралғысын жасайды! Мен де жөн-жобаны білетін адаммын ғой! Ол маған сенбейсің бе дегендей көздерін мөлпите қарап, аузын шұрттты. – Келістік, – дедім. Екеуміз шартпа-шұрт қол алыстық. Жорабектің жоралғысы да көп күттірген жоқ. Қатын кешке бір жілік етті бұтларлап жатқан. Менімен танысқалы қасыман бір елі қалмай, не айтсам да «ғажал бастама» деп бағалаудан шаршамайтын кәсіпкер досым Сейтен екеуміз қымбат мейрамханадан ас ішіп, «Ас болсынның» қасынан тыжырына өтіп келе жатқанымызда телефонима «картаныңызға қаражат түсті» деген хабарлама келген. Мұндай бақытты нәмі бақуатты күндерден айырылып қалу кімге ұнайды дейсін. Мөлтек ауданымызда қаншама шешілмей жатқан проблемалардың бар екеніне қарамастан, «әкімдіктен» тап қазір кете қойғым келген

жоқ, Оның үстіне Сейтен «сіздің



шатақ шал екі иінінен демала сөйлеп. Қатын балдырайып маған қарайды. Мен «бұларда шаруам қанша» дегендей иығымды кикаң еткіземін. Халық үнемі шағым айтып, шаршата

атыңыздан ЖШС ашайық. Пайданы тең бөлеміз» дейді. Мен оған «Сені орынбасар етемін. Сәл шыда» деп арқасынан қағамын. Адамға бақ қонайын десе әй-шәйге қаратпайды екен ау... Қатын білсе «сенікі не қиялдану» деп баяғыда бажылдап, сабама түсірер еді. Әзірге ол бейхабар. Бір қуанышты, бір мұңды күндер осылай жалғасып жатқан. Бір күні кешкілік Жорабек сияқтылар тарту еткен әртүрлі сыйлықтарды санамнан тізбектей өткізіп, ойға шомып жатқам. Ойымды теледидардағы тілші қыздың нәзік даусы қайта-қайта бөліп кете береді. Сол сәт үйге әйелім алқын-жұлқын асығып кіріп келіпті. – Ойбай, осыған дейін жұрт сені әкім деп ойлап жүріпті ғой, – деді етігің баса алмаған қалпы. – Е-е-е... – дедім мен мән бермеген болып теледидардан көз айырмаған күйі. – Ертең келеді екен сол өкім. Ойбай, тура сенен аумады дейді. Тек бетінің сол жағында әйдік қалы бар екен. – Е-е-е... – дедім күрсініп. Не үшін күрсініп, онымды өзім де онша түсіне қоймадым. – Өні, айтып жатыр, – деп әйелім етігің шешпеген, көзін теледидарға қадаған күйі еденді тоқылата басып жанымға таяп кеп қалды. Еш мақсатсыз қарай салғаным сол еді, экраннан сорайған 9 қабатты үйлері бар біздің қалашықты көрсетіп жатыр екен. Жүрек тұсым зырқ ете түсті де, амалсыз тілші қыздың нәзік даусына енді шындап құлақ қоюға тура келді. Сөйтсем, күні ертең мөлтек ауданымыздың жаңа әкімі Жұбан Әйімбетов біздің қалашыққа келмекші екен. «Мұндағы тұрғындардың базынасы көп. Күрмеуі мейрамханадан ас ішіп, ал мәселенің шешімін таппайтынын айтып шағымданды» деп сайрап жатыр нәзік дауысты тілші қыз. Алдымнан ойқақтап шығып, шағымын айта беретін қайыстай қара шатақ шал қақалып-шашалып сөйлеп жатыр. Өзінің сөздері түйдек-түйдек. «Өкім күнде уәде береді. Өзі осында тұрады. Өлі ұстатпай жүр» дейді

бермейді ғой. Ара-тұра біреулер еш себепсіз шайға шақырып, сый-сыяпат жасап, кейде рухани, кейде материалдық тұрғыдан көмек ұсынып, келіп аулап тұрушы еді. Ондайлардың да пейілінен бас тарта алмай қиналып жүруші едім. Қиналсам да көңіліме сондай жағымды болатын. Енді ондай-сый-сыяпаттың да шорт үзілетінін анық түсіндім. Қанша уақыт «әкім болып» жүріп, әп-сәтте «әкімдіктен түсіп қалған да» қиын екен. Қызметтен кеткен соң, көңілің пәсіейіп, біреуге билік айтқысы кеп тұратын адамдардың көңілін енді түсіген сияқтымын. «Қызметтен кете салысымен» бес-он минут өтер-өтпестен «кешеміз» дедім. Әйелім абдырап, жың соқты ма деген адамша түсінбей қарайды. – Бұл арадан жылдам қарамызды жоғалтайық, – дедім асығып. Қатын да ойымның төркінін түсінгендей болды. Қас қарая арнайы жүк көлігін шақыртып, бала-шағамызбен тиеле мініп, қаланың екіінші бір бөлігіне қарай аулап бара жаттық. «Ол жақтың да әкіміне ұқсап қалмаймын ба» деп ойлап қоямын. Бұл қызық ойма қорқыныш пен қуаныш қатар араласып, түсініксіз күйді бастан кешіп барамын. Шофер жігіт магнитафорының дауысын зорайтып қояды. – Ал сен оригиналсың. Таза, табиғи нәрсің... Адамның басына әп-сәтте қонған бақ ұшайын десе де ай-шайға қаратпайды екен-ау...

Абай АЙМАҒАМБЕТ

Саяхаттау жаһан жауһарына көз жүгіртіп, әлем сұлулығына сүйсінуге, сырына үңілуге, тарихын тануға мол мүмкіндік береді. Дүние жүзін дүрбімен барламай, әрбір мемлекеттің тынымсыз тіршілігіне еніп, әдет-ғұрпы һәм салт-дәстүрімен танысып, мәдениетіне мән беру мақсатында саяхаттаудың орны бөлек. Өмірдің мәні – қозғалыс пен ізденістен, еркіндікте тыныс алып, бақыт құшағына бөленуден тұрмай ма? Ендеше, дүниетанымның діндегі қалап, тұмса табиғаттың әр бөлшегінен сүйспеншілік көре білу өмірге шексіз ғашықтықты білдіреді. Осы тұста жиһанкөз әрі психолог Динара Болатпен әдемі әңгіме ербітуге тырыстық.

– Сәлеметсіз бе, Динара? Сіздің жыл сайын саяхаттауды жоспарлап, бірнеше елге барғаныңызды білеміз. Тағамыңызға қарай таңдау жасайсыз. Жалпы, сіз үшін саяхат деген не? – Мен үшін саяхат – бұл кең дүниені, әлемді тану. Бізге берілген ғұмыр, әлем өте кең, өте үлкен. Мұның барлығы адам көрсін, зерттесін, түсінсін және ой түйсін деп жаратылған. Сондықтан, біз оны көруге, тануға ұмтылуымыз керек. Бір орында қалу, бір ауылдан, бір қаладан, бір елден шықпай кеткен адамдар көп. Меңіңше, саяхат та, әлем де біз үшін қызмет етеді. Сондай-ақ, біздің ой-өрісіміздің дамуы мен тұлға болып

– Біріншіден, Грузия – көрші ел, қолжетімді ел. Сонымен қатар, маған халқы ұнайды. «Елімізге турист келді, пайдаланып қалайық, ақшасын сыпырып алайық немесе бағаларын қымбаттатып айттайық» деген арам пейілдері болмайды. Адамгершілігі зор халық. Қысқасы Грузияның табиғатына, әсіресе тауларына ғашықпын. – **Әр сапарыңыздың көңіл көжкіегінде, жүрек түкпірінде ерекше орын алатыны белгілі. Дей тұрғанмен есті естелігімен есте қалған**

білместен оны аралауымыз, жауу жүріп барлық жерін көруіміз ерекше есте қалды. – Сүйспеншілік пен сұлулықты үйлестіруге үлесіңіз зор. Әсем табиғатымен есеге бөлеген ел мен қаланың кишігірім тізімі жасасаңыз. – Табиғатпен тамырлас адаммын. Сондықтан, табиғаттың ортасында демаламын. Саяхаттау үшін Оңтүстік-шығыс



«ЖАСТАР ЖАҒАНЫ МЕНҒЕРГЕНІ ДҰРЫС»

калыптасуымызға септігін тигізеді. – Грузияға деген шексіз махаббатыңызды білеміз. Жапап көрінісінен бөлек ол мемлекет сіз үшін несімен ерекше, қалай баурап алды?

– Жалпы, көп саяхаттарды мерекеге, арнайы бір өзіңіз маусымына байланыстырып барғанды ұнатамын. Кеңің түкпірінде қалғаны – Жапонияның күзі. Үндістандағы «дивали», Франциядағы «рождество» мерекелері, Америкаға өзіміз көлік жалдап, еш тіл білместен және жол

Азиядағы тропикалық елдерді жөн көремін. Сүйікті елім – Индонезия, Тайланд. Әлі Қытайды да толық аралап, көргім келеді. Себебі, жері үлкен, табиғаты алуан түрлі. Алайда, табиғаты тамаша деп нақты бір қаланы атау қиын. Өйткені, елдің шыңы белгілі бір ауылдар да әсемдігімен көз тартады. – **Алғаш шаршап келген саяхатшың Егілет өкен. Нәліктен?** – Шыныммен де алғаш ұнатпаған елім – Мысыр мемлекеті. Себебі, өмірде

адалдықты бағалаймын. Ал, пайдакүнмедікті, табысты алға қоятын адамнан да, елден де өзімді алыс ұстауға тырысамын. Егілеттен байқағаным – осы. Ұнатпай, енді келмесің деп шешімге келуім содан. Бұл жерде «қонақ тағы да келсін, барлық жағдайды жасайық, шын көңілмен қарсы алайық» деген ниет байқалмайды. Бірінші және соңғы келіп тұрған туристей қарайды да, өз қызметтерін тықлап, не болмаса алдап, екі-үш есе бағасын қымбаттатып айтады. Адамның білмейтіндігін

де пайдаланып қалуға тырысады. – **Көпшілікке саяхаттау үшін қай елдерді ұсынар едіңіз? Жас саяхатшылар алдымен нені ескеру керек?** – Мен халықтың, адамдардың қалуын білмеймін. Сондықтан олардың бірі теңізді жақсы көруі мүмкін, енді бірі танымдық саяхатты, бәлім, экстрималдық саяхатты жақсы көретін шығар. Мүмкіндігінше, адам көбірек саяхаттау керек. Соған мақсат қойған жөн. Тіл білмеу – кемістік,

көмшілік емес. Жастарға айтарым, қазіргі заманғы мүмкіндіктерін, түрлі пайдалы қосымшаларын меңгерген дұрыс. Интернеттен ізденіп, өзі тауып, өзі жоспарлағаны әдемі болады. Бір ескеретін жағдай, барған еліңізде еркіндікке салынып, жасаудың қажеті жоқ. Барған елді сыйлау, қоғамдық тәртіпті сақтау маңызды. – **Оқырманға айтар жылы лебізіңіз.** – Әдемі ғұмырдың иесі болыңыздар! **Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**



БОМБЕР ДЕ ҒАТТЫҚ СТУАБДЕ

Қызылордалық көпбалалы ана Айман Әбдиеваның киімдері ерекше көзге түседі. Қазіргі таңда оның ұлттық нақыштағы бомберлері сұранысқа ие өнімдердің бірі. Бүгінде «Aiman Abdi QAZAQBREND» сән үйін ашып, 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтуда. – Тапсырысты қаладан ғана емес, Қазақстанның түлкір-түлкірінен қабылдаймыз. Тапсырыс берушімен онлайн байланысып, дизайнға, өлшемге, матаға байланысты барлығын нақтылап аламыз. Қамзол, қажекей, бөшепентке тапсырыс жиі түседі. Ұлттық киім заманға сай жаңа әдіс-тәсілмен тігіліп, өзіндік бұрынғы сюжеттік элементтерін жоғалтпауда. Өйткені

дәстүрден ажырамай қадірлей білуіміз керек, – дейді тігінші. Кейіпкеріміз бала күнгі хобби кәсіпке айналады деп ойламағанын айтады. Бала күнімен демалыста отырған сәтінде тігінші танысы берген үш метр матадан балаларға арналған бірнеше қамзол тігіп, әрлеп көреді. Ұлттық нақыштағы дүниелер заматында-ақ өтіп кеткен. Осылайша болашақ кәсіпкердің алғашқы айналым қаражаты пайда болады. 2017 жыл болатын. Сол уақыттан бастап тұрақты тапсырыстың болғанына қарамастан қызығушылығымды кәсіпке айналдыруға асықпадым.

Мамандығым – бухгалтер. Мамандығым бойынша жұмыс істей бердім. Тек екі жыл өткеннен кейін ғана кәсіпімді ресми тіркедім. Оған дейін бизнесісті жүргізудің қыр-сырын меңгердім. Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы арқылы іскер әйелдер кеңесімен таныстым. Осы кеңес арқылы түрлі тегін курстарға қатысып, дамыдым, – дейді жас кәсіпкер. Айман өткен жылы «Қазақстанның үздік тауары – 2022» өңірлік көрме-байқауына қатысып, жеңімпаз атанды. Бұл Байқау кәсіпін сенімді жүргізуге

мотивация берген. «Былтыр өңірлік байқаудың жеңімпазы ретінде республикалық кезеңге қатыстым. Жүлде алмасам да, өзге кәсіпкерлермен, тауар өндірушілермен таныстым. Сол жылы «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген несие алып, сән үйін ғимарат сатып алдым», – дейді ол. Тігінші ұлттық киімдердің қолданыс аясын кеңейту үшін жаңа өнімдер әзірлеуде. Оның жоспары ауқымды.

Мәлдір САБЫРЖАН

Торпақ Бұл апта мәселелерді бір жақты етуге мүмкіндік береді. Жалқаулықтан арылсаңыз, ойда жүрген сансыз идеяны жүзеге асырасыз. **Егіздер** Арманнан мақсатқа бір қадам бассаңыз, бәрі де ойдағыдай болады. Орайы келгенде ие деп те, жод деп те батыл айта білуіңіз керек. Апта аяғына таман сыйға дайын болыңыз.

Тоқты Осы аптада ойда жүрген мақсатыңыз орындалып, мақтан тұтарлық іс тындырасыз. Ал серіктестіктермен сырттан бақылаушы болып қана көп шаруа шешесіз. **Арыстан** Дел осы уақытта кез келген іске қабілетті екеніңізді дәлелдейтін кез. Өмірге оптимистік көзқарас таныту бірін таңдайтын жағдай туса, ойланбастан шешім шығарыңыз. **Бикеш** Уақытты босқа жоғалтпай, әр минутты мәнді өткізіңіз. Қаржылық мәселелерді шешу қиындай түсуі мүмкін. Уайымдамаңыз, апта аяғында барлығы ойдағыдай шешіледі. **Таразы** Бұл апта сізге мол идея алып келді. Осы жетін толығымен шығармашылыққа арнасаңыз болады. Сұқтанған сырт көздің қандай ойы барына көз

Шаан Бұл аптада аса ірі істі қолға аласыз әрі ол өміріңізге зор өзгеріс енгізер сәтті бастама болмақ. Екінің бірін таңдайтын жағдай туса, ойланбастан шешім шығарыңыз. **Мерген** Айтарлықтай қауіп туып тұрған жоқ, дегенмен әр іске сауықсандай сақтық танытыңыз. Сіз көптеген маңызды істерге, деректерге көңіл бөлмейсіз, барлығына жеңіл қарайсыз. **Тауешкі** Шығармашылық шабытыңызға ерік беріп, қалыптан тыс әрекеттерге барсыз. Ол сізге сәттілік сыйлайды. Маңызды шешім қабылдайтын жағдай туса, ішкі түйсігіңізге сеніңіз. **Сұққыйыш** Осы аптада ойлап жүрген ісіңіздің шешімі табылмақ. Орындалған жағдайда айыңыз онынан туады. **Балықтар** Аптада көңіл күйіңіз өте құбылмалы болады. Сабырлы болыңыз. Жоспарларыңыз да аяқ асты өзгеріп кетуі ықтимал. Бірақ ол үшін алаңдамаңыз, ақыры жақсы болады.

Жұлдыз – Жорамал

(3–10 тамыз)

жеткізбей жатып, шешім шығармаңыз.

Сарышаан Бір істі ойға алдым дегенше, орындадым дей беріңіз. Алға қойған мақсатыңыздан да биік деңгейге жететін мүмкіндігіңіз бар. Махаббатта да, мансапта да, қаржылық жағдайда да оң өзгеріс орын алады.

Мерген Айтарлықтай қауіп туып тұрған жоқ, дегенмен әр іске сауықсандай сақтық танытыңыз. Сіз көптеген маңызды істерге, деректерге көңіл бөлмейсіз, барлығына жеңіл қарайсыз.

Тауешкі Шығармашылық шабытыңызға ерік беріп, қалыптан тыс әрекеттерге барсыз. Ол сізге сәттілік сыйлайды. Маңызды шешім қабылдайтын жағдай туса, ішкі түйсігіңізге сеніңіз.

Сұққыйыш Осы аптада ойлап жүрген ісіңіздің шешімі табылмақ. Орындалған жағдайда айыңыз онынан туады.

Балықтар Аптада көңіл күйіңіз өте құбылмалы болады. Сабырлы болыңыз. Жоспарларыңыз да аяқ асты өзгеріп кетуі ықтимал. Бірақ ол үшін алаңдамаңыз, ақыры жақсы болады.

Кезекші редактор: Д.БӨКБЕЙ

АҚМЕШІТ жастары
 Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8 7742/ 40-06-68. 8 7742/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	Таралымы: 6931 Тансырыс: 1211
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбітбаев Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
БАС РЕДАКТОР Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ		